

Орынтаев Ж.К.,
Битұрсын Ғ.Ш.

**Адам мен азаматтың
конституциялық
әлеуметтік құқықтары**

Жұмыста конституциялық құқықтардың әртүрлілігі ретінде әлеуметтік құқықтардың ерекшеліктері қарастырылған. Адамның әлеуметтік құқықтарының жүзеге асу шарттары мен тәртібі мемлекеттің экономикалық жүйесінің жағдайына, әлеуметтік саланың дамуына байланысты өзгеруі мүмкін. Адам мен азаматтың әлеуметтік құқықтары, қамтамасыз етілуі мемлекеттің негізгі қызметі болып табылатын, Конституциямен кепілдендірілген құқықтар мен еркіндіктердің бөлінбес бөлшегі болып табылады.

Түйін сөздер: мемлекет, әлеуметтік құқықтар, әлеуметтік кепілдендірмелер, әлеуметтік қорғаныс, әлеуметтік қызмет.

Orintayev J.K.,
Bitursyn G.Sh.

**Constitutional social rights of
man and citizen**

The present paper outlines the characteristics of social rights as types of constitutional rights. The conditions and procedures for exercise of social human rights can vary depending on economic system condition of the state and social services development. Social rights of the person and of the citizen are an integral part of the rights and liberties guaranteed by the Constitution, enforcement of which is the main function of the state. Key words: social rights, social safeguard, social protection, social function of the state.

Key words: social rights, social safeguard, social protection, social function, of the state.

Орынтаев Ж.К.,
Битұрсын Ғ.Ш.

**Конституционные социальные
права человека и гражданина**

В работе рассмотрены характеристики социальных прав, как разновидности конституционных прав. Условия и порядок осуществления социальных прав человека могут изменяться в зависимости от состояния экономической системы государства, развития социальной сферы. Социальные права человека и гражданина являются неотъемлемой частью гарантируемых Конституцией прав и свобод, обеспечение которых является основной функцией государства.

Ключевые слова: социальные права, социальные гарантии, социальная защита, социальная функция государства.

**АДАМ МЕН
АЗАМАТТЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ӘЛЕУМЕТТІК
ҚҰҚЫҚТАРЫ**

Әлеуметтік құқықтар Қазақстан Республикасындағы адамның жалпы құқықтық мәртебесін анықтайтын конституциялық және негізгі мәртебеге ие, олар тек заңды түрде реттеліп қана қоймай, сонымен қатар кепілдемелер мен қорғаныс механизмдерінің жүйесімен қамтамасыз етілген. Конституциялық әлеуметтік құқық проблемалары бойынша тарапымыздан жүргізілген ғылыми зерттеулердің талдауы іс жүзінде барлық зерттеушілер тарапынан конституциялық әлеуметтік құқықтардың авторлық анықтамасына енгізілген олардың бірнеше базалық ерекшеліктерін белгілеуге мүмкіндік береді, бұл: олардың құрамын елдің Негізгі заңына бекіту; олардың абстрактілі емес, мемлекет алдында тұрған субъективті талаптар ретінде белгіленуі; адамның өмір сүруінің лайықты (жеткілікті) стандартының қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік құқықтардың өзара қарым-қатынасы.

Біздің көзқарасымыз бойынша, әлеуметтік құқықтар тізімі кең мағынада, әлеуметтік қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғаныс, әлеуметтік сақтандыру, қызмет ету құқығы, еңбек ету еркіндігіне құқық, қызмет пен кәсіп түрлерін еркін таңдау, еңбектің қауіпсіз шарттары, қандай да бір кемсітусіз еңбекке ақы төлеу, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау құқығы, еңбек даулары құқығы, демалуға құқық, тұрғын үй, білім алу, денсаулық сақтау құқығы секілді құқықтарды құрайды.

Субъективті құқық иегерлерінің субъективті құрамына да ерекше тоқтала кеткен жөн. Елдің негізгі заңында әлеуметтік құқықтар II - «Адам және азамат» бөлімінде бекітілген, дегенмен еңбек ету еркіндігіне құқық, қызмет пен кәсіп түрлерін еркін таңдау, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау құқықтары секілді әлеуметтік құқықтардың бір бөлігі әрқайсысын, яғни кез-келген тұлғаны анықтау бойынша тиесілі болады. Өзге де әлеуметтік құқықтардың пайда болуы мен оларға ие болу Қазақстан азаматтығына ие болумен байланысты, осылайша, тек баспанаға мұқтаж азаматтарға ол заңмен белгіленген нормаға сәйкес мемлекеттік тұрғынүй қорынан қол жетімді бағаға беріледі, науқастанған, мүгедектік, асыраушысын жоғалтқан жағдайда және өзге де заңды негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшері, жасына сай әлеуметтік қамтамасыз ету кепілдендіріледі, Республика азаматы заңмен белгіленген медициналық көмектің

кепілдендірілген көлемін ақысыз алуға құқылы. Сонымен қатар, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ азаматтардың конституциялық – құқықтық мәртебесінің елдің Негізгі заңында шектеулі болғанына қарамастан, ағымдағы, қолданыстағы заңнамада тек қана Қазақстан аумағында ұдайы мекен ететін тұлғалар ғана емес, мұндай мәртебесі жоқ – еңбек мигранттары, босқандар мен оралмандар да заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі конституциялық әлеуметтік құқықтарды қолдана алады.

Одан әрі белгілі бір әлеуметтік құқықтардың сипатын қарастырамыз. Адамның ажырамас табиғи құқығы ретінде әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы, заңның тұлғада құқықтық міндетті субъектіден әлеуметтік қамтамасыз етудің осы немесе өзге де түрін ұсынуды талап етудің субъективті құқығының пайда болуымен байланыстыратын белгілі бір өмірлік жағдайлардың пайда болуымен байланысты орын алады. Азаматтарда мемлекеттік органдардан, жұмыс берушілерден, жинақтаушы зейнетақы қорларынан, сақтандыру ұйымдарынан зейнетақы, жәрдемақы, әлеуметтік қызметтер, өтемақылар, жеңілдіктер, мемлекеттік мекен-жайлық әлеуметтік көмектер ұсынуды талап ету құқығынның пайда болуы уәкілетті органдар тарапынан белгілі бір тәртіпте осы немесе өзге де әлеуметтік маңызы бар заңды фактілердің (әрекеттердің немесе оқиғалардың) бар болуын тиянақтаумен байланысты орын алуы мүмкін. 28 – бапта Қазақстан Республикасының Конституциясы оның пайда болуымен байланысты әлеуметтік қамтамасыз етудің ұсынылуы қамтамасыз етілетін әлеуметтік фактілердің ең аз тізімін ғана белгілейді – бұл жас, мүгедектік, асырушысын жоғалту, өзге негіздердің тізімі республика заңнамасымен белгіленеді.

Конституциямен әркімнің жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалу құқығы жарияланады. Бір қатар заңнамаларда аталмыш конституциялық құқықтың жүзеге асырылуы көрініс табады, осылайша, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабында мемлекеттің азаматтарға халықты жұмыспен қамту саласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға кепілдік беретіндігі тіркеледі, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың мынадай нысандары белгіленеді: 1) жұмысқа орналасуға жәрдемдесу; 2) кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру, қайта даярлау және жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру; 3) қоғамдық жұмыстарда еңбек ететін жұмыссыздардың еңбек ақысын төлеу; 4) заңнамалық актілерге сәйкес табысы аз азаматтар

арасындағы жұмыссыздыздарға мекен-жайлық әлеуметтік көмек көрсету. Аталған іс-шаралармен сонымен қатар жұмысынан айрылу секілді әлеуметтік тәуекел жағдайындағы әлеуметтік сақтандыруды да қамтитын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың жойылмайтындығын атап өткен жөн: жұмысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлем тұлға жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркеу туралы өтініш білдірген күннен бастап тағайындалады [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясы тағы да бірнеше әлеуметтік құқықтарды бекітеді: бұл, заңмен бекітілген нормаларға сәйкес тиімді төлемге мемлекеттік тұрғынүй қорларынан ҚР Конституциясының 35-бабының 2-тармағына сәйкес баспанаға мұқтаж азаматтардың заңда белгіленген категорияларына берілетін баспанаға құқық, ақысыз білім алуға (30 - бап), медициналық көмектің ақысыз кепілдендірілген көлемінің берілуін болжамдайтын денсаулық сақтау құқығы. ҚР Конституциясының 29-бабының 2-тармағында Республика азаматтарының заңмен белгіленген медициналық көмектің ақысыз кепілдендірілген көлемін алуға құқылы екендігі бекітілген. Медициналық көмектің ақысыз кепілдендірілген көлеміне құқық, кең мағынада әлеуметтік сипатқа ие, мемлекет тарапынан мемлекеттік бюджеттен және арнайы жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелер арқылы кепілдендірілген медициналық қызметтерді қамтиды. Әлеуметтік құқықтар әлеуметтік қызмет көрсету құқығын қамтиды. Жалпы мағынада әлеуметтік қызмет – бұл тұтынушыға әлеуметтік салдарларды алуға мүмкіндік беретін іс-шаралар немесе материалдық емес іс-шаралар сериясы (медициналық, заңдық, психологиялық, тұрмыстық, коммуналдық қызметтер) [2, 6 б.]. Әлеуметтік қызмет – бұл, қоғамның есебінен олардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуші азаматтардың жекелеген санаттарының өмір сүруі үшін объективті түрде қажетті әлеуметтік қызметтер кешенін үйлестіруші кешенді құбылыс [3, с. 124]. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы шарттарында әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі әлеуметтік қызметтердің келесі түрлерінің кешенін қамтиды: медициналық көмек; дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету; қарттар үйлерінде, оңалту орталықтарында күтім жасау және қызмет көрсету; тұрақты көмекке мұқтаж жандарға үйде әлеуметтік көмек көрсету; протездік – ортопедиялық көмек; транспорт құралдарымен қамтамасыз ету. Әлеуметтік қызметтерді алушылардың ерекше субъективті

құрамын атап көрсеткен жөн – бұл мүгедектер, жалғызбасты қарт азаматтар, мүмкіндігі шектеулі балалар, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, әлеуметтік маңыздағы науқастармен ауыратын тұлғалар, белгілі бір мекен ету орны жоқ тұлғалар.

1 қаңтар 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасының «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының күшіне енуімен әлеуметтік шаралар жүйесі әлеуметтік іс-шаралардың жаңа түрімен – арнайы әлеуметтік қызметтермен толықтырылды. Әлеуметтік қызметтер туралы нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың көптен бері мерзімі жеткен қажеттілігін атап өткеніміз дұрыс, тіпті Заңның қабылдануымен бірге әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы ағымдағы құқықтық базаның айқын жобасы жоқ, әлеуметтік қызмет көрсету институты құрайтын нормалар көбіне заңға сәйкес сипаттарға ие әртүрлі нормативтік құқықтық актілерде қамтылған, жалпы нормалар бланкеттік құқықтық нормалар ерекшелігіне ие. «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңның күшіне енуімен тек әлеуметтік көмек көрсету саласындағы қарым-қатынастарды реттейтін жоғары сапалы нормативтік базаны құру мәселесінің жартылай шешілетіндігін қорытындылауға болады. Өйткені, не әлеуметтік қызмет көрсету туралы арнайы заң қабылдау немесе бірыңғай әлеуметтік кодекс аясында осы мәселені шешу талап етіледі деп сенеміз. Біздің ойымызша, екінші шешім қолайлырақ болып табылады.

Қабылданған заңда алғаш рет әлеуметтік ретінде мынадай фактілер белгіленген: 1) жетімдік; 2) ата-ананың қамқорлығының болмауы; 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, соның ішінде девианттық мінез-құлық; 4) балалардың туылғаннан бастап үш жасқа дейінгі ақыл-ой және дененің ерте даму мүмкіндіктерінің шектелуі; 5) физикалық және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктерімен шартталған ағза функцияларының тұрақты бұзылулары; 6) әлеуметтік маңыздағы аурулар мен қоршаған орта үшін қауіп төндіретін аурулар салдарынан өмір сүрудің шектелуі; 7) аурулардың және (немесе) мүгедектіктің салдарынан кәрілікке байланысты өз-өзіне қызмет көрсетуге қабілетсіздік; 8) әлеуметтік бейімсіздік пен әлеуметтік айыруға әкеліп соғатын қатігездікпен қарау; 9) баспанасыздық (белгілі тұрағы жоқ адам); 10) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу. Аталған қиын өмірлік жағдайларда болған тұлғаның (отбасының) орын алған әлеуметтік мәселелердің серуі үшін жағдай жасайтын және қоғам

өміріне қатысуға басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызмет көрсету ауқымына құқылы.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік құқықтардың конституциялық құрылысы жасалған конституциялық реформалардың тақырыбы болған емес, құқықтар жүйесі негізгі заң қабылданған сәттен бастап өзгеріссіз қалады. Алайда, әлеуметтік құқықтарымызға асыру тетігі, олардың нақты мазмұны өзгерді және қазіргі таңда реформалау процесінде. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалау келешегі туралы айта келіп, оның мақсатты бағытын атап өткен жөн. Қазіргі уақытта бағыт тек қана заңда нақты тізілімделген халық санаттарына немесе өмірінде осы немесе өзге де әлеуметтік маңызды құқықтық фактілер орын алған азаматтарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуда емес, әлеуметтік іс-шараларды қаржыландыру көздерін құру жүйелеріне қатысу ұзақтығының деңгейіне қарай әлеуметтік көмек деңгейін анықтауда да көрсетілген. Осылайша, еңбекке қабілеттілікті жоғалту, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу, жүктілік пен босануына байланысты табысынан айрылу, жаңа туған баланы (бала асырап алу) (балаларды) асырап алу, баланы бір жасқа толғанға дейін бағумен байланысты табысынан айрылу негіздері бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан сақтандыру төлемдерінің көлемі ішінен әлеуметтік аударымдардың мөлшері бағаланған сомалар мен міндетті сақтандыру жүйесіне қатысу ұзақтығына байланысты есептеледі.

Біз әлеуметтік саланың даму тарихында орын алған әлеуметтік құқықтардың іске асу кепілдіктерінің ұсынылу деңгейін шектеуге жол берілмейді деп ойлаймыз.

Біздің экономикамыздың тұрақты өсу кезеңіне жасалған талдау мен әлемдік қаржылық дағдарыстың бүгінгі таңдағы шарттары Қазақстан Республикасындағы халыққа көмек көрсету, қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғаныс деңгейінің тұрақты түрде жақсарғанын көрсетеді, бұл, мемлекеттің әлеуметтік дамуының маңызды белгісі болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік құқықтардың шектеулерінен конституциялық кепілдіктер бар болуы тиіс, осы салада Негізгі заңның 24, 25, 28 және 29-баптарымен кез-келген нысанда шектелуі мүмкін емес құқықтар мен бостандықтар қарастырылатын баптаулар тізімін толықтыру бөлігінде Негізгі заңның 39-бабының 3-тармағына өзгерістер енгізу қажет деп санаймыз.

Әлеуметтік құқықтар Қазақстан Республикасында конституциялық деңгейде заңнамамен

дайындалған, ал бұл, С.К.Амандыкова айқын айтып өткендей, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың бастапқы сипатқа ие екендігін, олардың иеліктен шығарылмайтындығын және дүниеге келген сәттен бастап әрбір жанға тиесілі екендігін білдіреді. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар әрбір адам мен азаматқа тағайындалады және тұлғаның құқықтық мәртебесінің өзегін құрайды. Конституциялық құқықтармен бостандықтар Негізгі заңда бекітілгендіктен, тек қана түрі бойынша емес, мазмұны тұрғысынан да негізгі болып табылады. Негізгі заңда жеке тұлға үшін және сондай-ақ тұтастай алғанда қоғаммен мемлекет үшін де өмірлік маңызды және аса үлкен әлеуметтік маңызды барқұқықтар мен бостандықтар бекітілген [4].

Осылайша, Қазақстан Республикасының Ата-заңында тек «ең көп әлеуметтік маңызы бар» жалпы әлеуметтік құқықтар ғана бекітілді, құқықтардың мәлімделген сипаттары олардың бекітілуіндегі белгілі бір декларативтігін болжамдайды, алайда бұл сипат, әлеуметтік құқықтардың жүзеге асу кепілдіктерінің механизмдерінің декларативтілігіне жол берілмейтіндіктен, мәлімделгендермен жойылуы тиіс. Әлеуметтік заңнаманың қазіргі заманғы дамуы конституциялық әлеуметтік құқықтарды іске асыру тетік-

терінің жаңасын жасау, қолданыстағыларының жаңа реформасын жасау мақсатында құрылуы тиіс, бұл қызметтің ең маңызды бағыттарының бірі әлеуметтік құқықтарды іске асырудың заңды мүмкіндіктеріндегі «вакуумдерді» анықтау және жою болуы тиіс.

Аталып өткен мүмкіндіктердің жүзеге асу кепілдігі тек қана және тікелей бағдар құру және жұмыс істеудегі тікелей мақсаты құзыретті субъектілердің заңды талаптарын жүзеге асыру тетіктерін іске асырумен байланысты мемлекеттік басқару органдарының қызметі арқылы мүмкін болады. Әлеуметтік құқықтар мен оларды жүзеге асыру кепілдіктерінің мәртебесінің ерекше құны негізінде мемлекеттік басқару органдарына олардың әлеуметтік құқықтарын іске асыру кезінде азаматтарды әлеуметтік қолдау және көмек көрсету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру нысандары, түрлері, тәртібі туралы жұртшылықты хабардар ету юрисдикциясы берілуі тиіс. Әлеуметтік салада қабылданған нормативтік құқықтық актілердің декларативтілігінің алдын алу мақсатында әлеуметтік іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін тәртіп пен қаражаттарды қарастырушы қаржылық, бюджеттік заңнамадағы тиісті өзгерістермен ұштасатын оларды өңдеу және қабылдау тәжірибесі белгіленуі тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының 2003 жылдың сәуір айының 25 күнгі 405 нөмірлі «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңының 23-бабының 1-тармағы /№126-127 нөмірлі, 2003 жылдың мамыр айының 1 күнгі Казахстанская правда/.
- 2 Кравченко В.И. Нарыққа ауысу шарттарында әлеуметтік қорғау басқармасы: дис. ...экон.ғыл.канд. – М., 1994 – 180 б.
- 3 Протас Е.В. Нарықтық экономикаға өту шарттарында балалары бар жанұялардың әлеуметтік қамтамасыз етілуін құқықтық реттеу: дис. ...заң ғыл.канд., 1992. – 206 б.
- 4 Амандыкова С.К. Адам құқықтарының шынайы – құқықтық концепциясы – Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің негізі. /<http://www.ombudsman.kz/publish/docs/message/detail.php?ID=1496> сайтында

References

- 1 Item 1 of article 23 of the Law of the Republic Kazakhstan from April 25, 2003 N405 “On statutory social insurance” / Kazakhstanskaya Pravda from May 1, 2003, No.126-127
- 2 Kravchenko V.I. Social services office in the context of transition to a market economy: diss... Ph.D. in Economics – М., 1994-180 p.
- 3 Protas E.V. Legal regulation of social security of families, which have children in the context of transition to a market economy: diss. ..PhD in Law, 1992-206 p.
- 4 Amandykova S.K. Natural-legal conception of human rights – principle of legal status of human and citizen in the Republic of Kazakhstan. /On the website: <http://www.ombudsman.kz/publish/docs/message/detail.php?ID=1496>